



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 15 маусым

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын Clearstream жүйесінде есептелетін бағалы қағаздар тізіміне қосу бойынша жобаны іске асыру барысы туралы

Қазақстанның Ұлттық Банкі Clearstream-мен бірлесіп Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын Clearstream жүйесінде есептелетін бағалы қағаздар тізіміне қосу бойынша жобаны іске асыруда.

Қазақстандық нарықпен байланыс арнасын іске қосу жөнінде соңғы іс-шаралардың жүргізіліп жатқандығын хабарлады.

Бірлескен жобаны іске асыру Clearstream халықаралық есеп айырысу жүйесі арқылы қазақстандық заңнама шеңберінде теңгемен шығарылған барлық мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды жүргізуге мүмкіндік береді және шетелдік инвесторлардың қазақстандық қор нарығына қолжетімділігін кеңейтеді. Жүйені іске қосу шетелдік инвесторлар тарапынан қазақстандық мемлекеттік облигацияларға деген сұранысты ұлғайтуға, олардың өтімділігінің және сыртқы нарықта тартымдылығының артуына ықпал ететін болады.

Жобаны аяқтау ұзақ мерзімді қорландыру көздерін кеңейтіп, мемлекет қарыздарының құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Аталған бастама кірістілік қисығын қалыптастыруға және Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамытуға оң әсерін тигізетін болады. Жалпы алғанда жоба жергілікті нарықтың инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Инвесторларды Қазақстанның капитал нарығына сәтті тартудың бір түрі отандық нарықтың мүмкіндіктерін сапалы тұрғыдан жариялау болып табылады. Бұл бағыттағы алғашқы қадам ретінде Ұлттық Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың 2018 жылғы 18-19 сәуірде Лондон қаласында өткен Cbonds конференциясы барысында Қазақстандық капитал нарығының тұсаукесерін өткізуі болды.

2018 жылғы 27 маусымда Ұлттық Банк Блумберг және Clearstream компанияларының көмегімен жаңа желіні қосуға арналған Лондон қаласында шетелдік инвесторлар үшін «Investment opportunities in Kazakhstan» арнайы конференция өткізіледі. Бүгінгі күнге әлеуетті қатысушылар мен әріптестерге шақыру қағаздары жіберілді.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz